

**«Ақтөбе облысының білім басқармасының Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының өзін-өзі бағалау қорытынды анықтамасы.**

**26 маусым, 2026 жыл**

«Жұлдыз» бөбекжай – балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 59 бабының 4-1 тармақшасы негізінде және 2026 жылғы 01 сәуірде өткізілген кезектен тыс педагогикалық кеңестің (№5 хаттамасы) шешімі негізінде 2026 жылдың 02 сәуірі мен 28 сәуір аралығында балабақшада өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылды.

Өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу үшін балабақша басшысының 2026 жылғы 01 сәуіріндегі № 8 н/қ бұйрығымен комиссия құрамы төмендегідей құрылды:

- 1) Нугманова Замзагуль Бекказиевна -комиссия төрайымы, балабақша меңгерушісі
- 2) Каюпова Аксана Ермахановна - әдіскер, комиссия мүшесі
- 3) Сартаева Айман Алдабергеновна – педагог-психолог, комиссия мүшесі
- 4) Конысбаева Кулай Алмуратовна - комиссия мүшесі, музыка жетекшісі
- 5) Қажығали Арайлым Сапарқызы - комиссия мүшесі, медбике

Комиссия мүшелері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» негізінде, бағалау өлшемшарттарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖБМБС талаптарына сәйкестігіне және мекеменің материалдық базасына талдау жүргізді.

Сонымен бірге білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тексеріліп, бағалау өлшемшарттар негізінде бөбекжай-балабақшасының қызметі бағаланды.

Комиссия мүшелерінің өзін-өзі бағалау қорытынды анықтамасын жазуда Әдістемелік ұсынымдардың қосымша -1 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалау құрылымы» басшылыққа алынды.

## **1. Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы**

### **1.Білім беру ұйымының толық атауы**

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

### **Білім беру ұйымының орналасқан жері**

Қазақстан Республикасы, 031104, Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Көктау ауылдық округі, Көктау ауылы, Абай көшесі, 6А ст-е.

**Занды тұлғаның байланыс деректері** (телефон, электрондық пошта, веб-сайт)

Балабақшадағы сайт атауы: <https://zhuldyzkoktau.edu.kz/kz/>

Электрондық пошта: [zhuldyzkoktau@edu.kz](mailto:zhuldyzkoktau@edu.kz)

## **2.Занды тұлға өкілінің байланыс деректері**

Нугманова Змзагуль Бекказиевна ұялы телефон номерлері: 8 747 565 32 79;

8 771 187 89 68;

(басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі)

### **3.Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары**

(заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің және Жарғының көшірмесі қоса беріледі)

### **4.Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон)**

**Қосымша:** Балабақша <https://zhuldyzkoktau.edu.kz/kz/> сайтына «Мемлекеттік аттестация» айдарымен №1.Балабақша құжаттары және №1.1.Балабақша құрылтай құжаттары бөліміне жүктелді.

## **2.Кадрлық құрамға талдау**

### **2.1. Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер**

**Талдау:** «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту қызметін мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығының 1-қосымшасымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» негізінде ұйымдастырады.

Аталған Қағиданың 2-тарауының 22 тармағы бойынша 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдары жұмыс жасаған педагогтардың педагогикалық білімі бар немесе тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар. Аталған жылдары базалық білімі жоқ педагогтер жұмыс жасамаған.

### **Педагогтардың білімі бойынша:**

Оқу жылдары	Барлық педагогтар	Мектепке дейінгі жоғары білім	Жоғары пед. білім	Мектепке дейінгі арнаулы орта білім	Арнаулы орта білім	Пед. білім
2023-2024 оқу жылы	7	2	3	2	0	0
2024-2025 оқу жылы	7	2	3	2	0	0
2025-2026 оқу жылы	7	2	3	2	0	0

2023-2024, 2024-2025, 2025 - 2026 оқу жылдары бойынша жоғары білімді 62 %, мектепке дейінгі арнаулы орта білімді- 38 %, тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар барлығы 100%. Педагогтардың диплом бойынша мамандықтары атқарып жүрген қызметтеріне сәйкес келеді.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығының 1-қосымшасымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 2-тарауының 22 тармағы (Педагог қызметімен айналысуға педагогикалық немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын тұлға жіберіледі) талаптарына сәйкес.

## 2025-2026 оқу жылы

№	Педагогтардың аты–жөні толық	Білімі, оқу орны, аяқтаған жылы	Диплом бойынша мамандығы	Еңбек өтілі	Санаты
1	Нугманова Замзагуль Бекказиевна	Арнаулы орта, Ақтөбе гуманитарлық колледжі, 1998 ж.  Жоғары, Ақтөбе мемлекеттік институты, 2008 ж.	«Мектепке дейінгі мекемеде қазақ тілін оқытуға құқығы бар тәрбиеші» «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі».	26 жыл 8 ай	«Екінші санатты басшы» 29.08.2024 жылғы № 245-ж/қ бұйрығы
2	Каюпова Аксана Ермахановна	Жоғары, Баишев Университеті, 2023 ж.	«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу».	7 жыл 9 ай	Педагог – сарапшы (әдіскер қызметі бойынша) 13.08.2025ж №323 бұйрығы, тіркеу №58; Педагог – сарапшы (тәрбиеші қызметі бойынша) 02.06.2026жыл № 234-ж/қ бұйрығымен
3	Коньсбаева Кулай Алмуратовна	Жоғары, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті, 2002 ж.	«Кәсіптік жоғары білімді музыка пәнінің мұғалімі»	21 жыл 10 ай	Педагог – модератор 04.09.2024жыл №1 бұйрық
4	Сартаева Айман Алдабергеновна	Жоғары, Баишев Университеті, 2020 ж.	«Педагогика және психология»	15жыл 7 ай	Педагог – сарапшы 29.08.2024жыл №244- ж/қ бұйрық
5	Макарова Сара Сагитжановна	Арнаулы орта, Көпсалалы «Болашақ» колледжі, 2014 ж.	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту»	15 жыл 1 ай	Педагог – сарапшы 02.06.2026жыл № 234-ж/қ бұйрығымен
6	Досаналина Кунслу Ертаевна	Жоғары, Баишев Университеті, 2020 ж.	«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»	11 жыл 1 ай	Педагог - сарапшы 02.06.2026жыл № 234-ж/қ бұйрығымен
7	Юсупова Айсырға Айбекқызы	Арнаулы орта, Көпсалалы «Болашақ» колледжі, 2023 ж.	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту»	2 жыл 5 ай	Педагог – модератор 02.06.2026ж №29 - ж/қ бұйрығы

### Жас ерекшелігі бойынша:

Оқу жылдары	Педагогтар саны	20-30 жас	30-40 жас	40-50 жас	50-60 жас	60-тан жоғары жас
2023-2024 оқу жылы	7	1	1	5	0	0
2024-2025 оқу жылы	7	0	2	5	0	0
2025-2026 оқу жылы	7	0	2	5	0	0

**Қорытынды:** Педагогтардың жастары бойынша ұжымда жұмыс жасайтын педагогтардың жас құрамы 30-50 жасты құрайды. Жас мамандар 12 % құрайды.

## Еңбек өтілі бойынша:

Оқу жылдары	Педагогтар саны	0-5 жылға дейін	5-10 жылға дейін	10-15 жылға дейін	15-тен 20 жылға дейін	20 жылдан жоғары
2023-2024 оқу жылы	7	1	1	3	1	1
2024-2025 оқу жылы	7	1	1	3	1	1
2025-2026 оқу жылы	7	1	0	3	1	2

### **Қорытынды:**

Еңбек өтілдері бойынша 0-5 жылдағы жас мамандар 12 % құраса, 15 жылға дейінгі педагогтар 62 % құрап отыр. 20 жылдан жоғары 2 қызметкер, мекемедегі мамандардың тұрақты жұмыс істеп келе жатқанын көрсетеді.

Соңғы үш жыл бойынша салыстырмалы диаграммалық көрсеткіш 62 %-ды беруі мамандардың тұрақты жұмыс жасайтынын көрсетеді. 5-10 жыл аралығында 12 %-ға төмендеген себебі мамандардың еңбек өтілінің өсуіне байланысты болды, 10-нан 15 жыл аралығында педагогтардың еңбек өтілінің өсуі байқалмайды, тұрақты. 15-тен 20 жыл және 20 жылдан жоғары аралығында да 12 % -ға өсуі педагогтардың еңбек өтілінің өсуіне байланысты, бұл дегеніңіз педагогтардың тұрақтылығын көрсетеді.

### **2.2. «Жұлдыз» бөбекжай – балабақшасы» МКҚК-ны білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткендігі туралы мәліметтер**

1. «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының басшысына 2021 жылдың 05 қаңтарынан бастап қайта тағайындалған.

Біліктілік санаты: «Екінші санатты басшы» біліктілік санаты «Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ-нің 2024 жылдың 29 тамызында № 245-ж/қ бұйрығымен берілген.

2. «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының әдіскері. Біліктілік санаты: Педагог-сарапшы «Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ-нің 2025 жылдың 13 тамызында № 323 бұйрығымен берілген.

Басшылардың аты-жөні	Лауазымдық қызметі	санаты	Алған мерзімі
Нугманова Замзагуль Бекказиевна	менгеруші	Екінші санатты басшы	29.08.2024 жыл, № 245-ж/қ бұйрығы
Каюпова Аксана Ермахановна	әдіскер	Педагог - сарапшы	13.08.2025 жыл, №323 бұйрығы

**ҚОРЫТЫНДЫ:** «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының басшылары ҚР «Білім туралы» Заңының 44 бабы 5 тармағы негізінде (5.Мемлекеттік білім беру ұйымының басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен үш жылда бір рет аттестаттаудан өтеді.) үш жылда бір рет аттестаттаудан өту керек талабына сәйкес.

### **2.3. «Жұлдыз» бөбекжай – балабақшасы» МКҚК-ны білім беру ұйымы педагогтерінің кемінде бес жылда бір рет біліктілік санатының деңгейін арттыру/распау туралы мәліметтер**

«Жұлдыз» бөбекжай - балабақшасы МКҚК педагогтерінің біліктілік санатының деңгейін арттыру жұмыстары «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығымен (өзгерісі 30.12.2022ж. №533) бекітілген «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары» басшылыққа алынып жүргізіледі.

#### **Біліктілік санаты бойынша:**

Оқу жылдары	Жалпы саны	жоғары	I	II	Санаты жоқ	Педагог-зерттеу	Педагог-Сарапшы	Педагог-Модератор
2023-2024 оқу жылы	6	0	0	1	2	0	0	3
2024-2025 оқу жылы	6	0	0	0	1	0	1	4
2025-2026 оқу жылы	6	0	0	0	0	0	4	2

#### **Талдау бойынша:**

**2023-2024** оқу жылы бойынша біліктілік санатты педагогтар саны - 4, бұл 62 % құрайды.

*2023-2024 оқу жылы қабылданған жас маман саны (еңбек өтілі жоқ) - 1- еу, педагог санатты, педагог біліктілік санатын алу үшін тесттен өткен.*

*Санаты жоқ педагог К.А. Қонысбаева 14.07.2023ж, 24.04.2023 ж біліктілік арттыру тестіне барып өте алмады.*

**2024 -2025** оқу жылы бойынша біліктілік санатты педагогтар саны - 5, бұл 83 % құрайды.

**2025-2026** оқу жылы бойынша біліктілік санатты педагогтар саны - 6, бұл 100 % құрайды.

Соңғы үш жылда педагогтардың біліктілік санаттары 100 %-ға өскені байқалады, бұл балабақшаның педагогтары жыл сайын уақытынан бұрын немесе уақытылы біліктілік санаттарын көтеріп отыруларына байланысты, сонымен бірге біліктілік санатты көтеруде 2023 жылдың аттестациялау кезеңіндегі өзгерістер, педагогтарды аттестациялаудың уақытша тоқтатылуы мен тест тапсырудың уақытша болмауына да байланысты болып отыр.

**2026 жылы** педагог санатындағы А.А. Юсупова педагог - модераторға, педагог – модератор санатындағы тәрбиешілер Каюпова А.Е., Макарова С.С., Досаналина К.Е. педагог – сарапшы біліктілік санатына өтініш беріп, өтініште көрсеткен санаттары бойынша санаттарын алды.

**Ұсыныс:** Педагогтардың сапалық құрамын арттыру үшін біліктілік санатын өсіру мақсатындағы жұмыстарды бақылап отыру керек.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/распау талабына сәйкес.

**Қосымша:** Балабақша <https://zhuldyzkoktau.edu.kz/kz/> сайтына «Мемлекеттік аттестация» айдарымен № 2. Педагог кадрлар құжаттары бөлімінде Педагог кадр 2025-2026 оқу жылы тарауында педагогтардың жеке көрсетілген мәліметтер ішіне аттестациядан өтіп санаттары бойынша бұйрықтары жүктелді.

**2.4. «Жұлдыз» бөбекжай – балабақшасы» МКҚК-ны білім беру ұйымында басшы кадрлардың, педагогтердің кемінде үш жылда бір рет біліктілігін арттыру туралы мәліметтер.**

**Біліктіліктің арттыру курстары:**

Балабақшаның педагогтары өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіру мақсатында үш жылда бір рет біліктілік арттыру курстарынан өтіп отырған.

**Курстан өткен педагогтар көрсеткіші**

Оқу жылдары	Педагогтар саны	«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы	ПШО (ЦПМ) педагогикалық шеберлік орталығы	Инклюзивті білім беру бойынша	ҚР ОАМ Балаларды ерте дамыту институты	"Назарбаев зияткерлік мектептері" ДББҰ ПШО	%
2023-2024 оқу жылы	6	1	1	6	1	1	100
2024-2025 оқу жылы	6	1	0	0	2	0	100
2025-2026 оқу жылы	6	2	0	1	0	0	100

*Кестедегі соңғы үш жылды салыстыра келе балабақшаның педагогтарының үш жылда бір рет біліктілік арттыру курстарынан уақытылы өткен.*

**2025 - 2026 оқу жылы**

№	Педагогтар аты-жөні	Педагогтердің біліктілігін арттыру оқу орны, өткен мерзімі	Тақырыбы, сағат саны
1	Коньсбаева Кулай Алмураатовна	«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы, 16.02.-27.02.2026ж	«Музыка» пәнінің мазмұны арқылы ұлттық құндылықтарды интеграциялау» 80 сағат
2	Юсупова Айсырға Айбекқызы	ҚР ОАМ Балаларды ерте дамыту институты 12.02.-21.05.2025ж	«Тәрбиелеу – білім беру процесінде ойын арқылы оқытуды ұйымдастыру» 72 сағат

**Басшылардың біліктілік арттыру курстары:**

**1. «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының басшысы**

«Білім берудегі менеджмент» 05.02-18.02.2025 ж «ТМД елдері бойынша білім жүйесін дамытудың халықаралық қоры» 80 сағат

«Мектепке дейінгі білім беру педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру» 24.02.-07.03.2025 ж «ТМД елдері бойынша білім жүйесін дамытудың халықаралық қоры» 80 сағат

«Білім беру ұйымдарында буллинг және кибербуллингтің алдын алу» 17.03-31.03.2025 ж «ТМД елдері бойынша білім жүйесін дамытудың халықаралық қоры» 80 сағат

«Инклюзивті тәсілдеме: мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу және оқыту процесіне балаларды қосу» 19.05-30.05.2025 ж «ТМД елдері бойынша білім жүйесін дамытудың халықаралық қоры» 80 сағат

**2. «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының балабақша әдіскері**

«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту» 11.05-20.05. 2022 ж. ҚР Білім және ғылым министрлігі "Өрлеу" біліктікті арттыру ұлттық орталығы" АҚ Ақтөбе қаласы, 72 сағат  
«Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру шеңберінде мектепке дейінгі білім беру педагогы» ҚР ОАМ Балаларды ерте дамыту институты 26.03.-04.04.2025ж

**ҚОРЫТЫНДЫ:** кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру курстарынан өтіп отырған.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** Балабақша тәрбиешілерінің диплом бойынша мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы атқарып жүрген қызметтеріне сәйкес келеді.

**Қосымша:** Балабақша <https://zhuldyzkoktau.edu.kz/kz/> сайтына «Мемлекеттік аттестация» айдарымен № 2. Педагог кадрлар құжаттары бөлімінде №2 қосымша педагог кадрлармен жасақталғандығы туралы мәліметтер және педагог кадрлар бойынша барлық мәліметтер әр жылға бөлек жасақталып толық жүктелді.

### 3. Тәрбиеленушілер контингенті

#### 3.1. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау.

«Жұлдыз» бөбекжай – балабақшасы» МКҚК-ны тәрбиелеу мен оқыту қызметін мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің тәртібіне айқындайтын Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен 1-қосымшасы бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» негізінде ұйымдастырады.

Өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары мен мекеме Жарғысын және Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

**Мектепке дейінгі ұйымның түрі: бөбекжай-балабақша** – бір жастан 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балаларға арналған бөбек жастағы және мектеп жасына дейінгі топтардың болуын қарастырады.

*Балабақшаның жұмыс тәртібі* 5 күндік жұмыс аптасымен балалардың 10,5 сағат болуымен белгіленген. Балабақшаның жобалық қуаты - 30, бүгінгі күні бала саны – 30.

Негізі «Жұлдыз» бөбекжай – балабақшасы» МКҚК-ны 2008 жылы 23 қаңтарда 1966 жылы шлактан интернат ретінде салынған, 2007 жылы күрделі жөндеу жүргізіліп, бейімделген ғимаратта «Ақтөбе облысы мемлекеттік санитариялық – эпидемиологиялық қадағалау департаментінің Хромтау аудандық бөлімі» мемлекеттік мекемесінің № 3 ұйғарымына сәйкес жобалық қуаттылығы – 50 бала, 2 топқа арналып ашылған. Дей тұрғанмен 2018 жылдың 22 мамырындағы № 15 ұйғарымына сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық – эпидемиологиялық талаптар» қағидаларының 10 тарауы 138 тармағы 6 талаптарының бұзушылықтары болып танылып, 50 баладан 30 балаға қысқартылды.

Бұл мәселе бойынша «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің Ақтөбе облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаменті» Республикалық мемлекеттік мекемесіне хат жолданып, 2018 жылдың 18 қыркүйегінде № 19-18-4/ЮЛ-Н-267 хатымен жауап берілді. Жауап хатта бала санын 50-ге жеткізу үшін жаңғырту (реконструкция) жұмыстарын жүргізу қажеттігі және 2018 жылғы 22 мамырдағы № 15 ұйғарымында көрсетілген іс-шараларды орындау ұсынылды.

Жоғарыдағы мәселені баяндай келе және балабақшаға кезектілікте тұрған 34 бала санын, ауылымыздың демографиялық хал – ахуалын және мектепке мектеп алды даярлық тобына ауыстырылатын кезде ата- аналардың қалауын (МАД-қа барар кезде балабақшада қалғылары келеді) ескере отырып, қазіргі санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сай келетін, әр жас тобына арналған 25 баладан 4 топ 100 балаға арналған жаңа балабақша салынуын қажет етеді.

*Балабақшаның штаттық кестесі* "Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары» талабына сәйкес келеді. Меңгеруші – 1, педагогтар саны - 6, кіші қызметкерлер саны – 10. Балабақшаның негізгі құрылымдық бірлігі 1 - 5 жас тобы болып табылады, топтар аралас жас ерекшелігі бойынша жасақталған.

**Мақсаты:** мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, қажеттіліктері мен қабілеттеріне сәйкес білім, білік және өз бетінше үйрену дағдыларын қалыптастыру, рухани-адамгершілік құндылықтарын, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының міндеттерін іске асыру мақсатында ұлттық салт-дәстүрлері мен ұлттық адамзаттық құндылықтарды, патриотизм мен төзімділікті тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

- 1) тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау;
- 2) тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;
- 3) тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен тығыз ынтымақтастықта болу;
- 4) ата-аналарға тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулығын сақтау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету;
- 5) баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған өзгертін ойын және тақырыптық зоналарды (аймақтарды), инклюзивті дамыту ортасын құру;

*Балабақшаға тәрбиеленушілерді қабылдау.* ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығымен ( *өзгерісі ҚР Оқу-ағарту министрінің 18.11.2022 № 464*) бекітілген «Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары»-ның 2-параграфы "Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібіне сәйкес электрондық формат арқылы жүзеге асырылады. Барлық қабылдау құжаттары реттелген. Келген балалар құжаттарын қабылдау ережесі, балалар қозғалыс кітабы, жолдамаларын тіркеу журналы талапқа сай жүргізілген. Барлық құжаттар нөмірленген және тігілген.

Қабылданған балалардың ата –анасымен (заңды өкілімен) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған білім беру қызметін көрсетудің үлгілік шарты» талабына сәйкес *екі жақтық шартқа* отырғызылады. *Шарттың мәні* мектепке дейінгі білім беру ұйымы мен баланың ата-анасы, өзге де заңды өкілдері арасында баланың мектепке дейінгі ұйымда болған кезеңінде тараптардың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ, тәрбиеленушіні тәрбиелеу мен оқытуға өзара жауапкершілік тетігін белгілей отырып, өзара қарым-қатынасты реттейді. Шартта мекеменің және ата-ананың міндеттері мен құқықтары көрсетілген. Сонымен қатар онда баланың мектепке дейінгі ұйымға бару тәртібі, тамақтану жиілігі, қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін көрсету деңгейі және ұсыну мерзімі, баланы күтіп-бағу ақысының мөлшері және өзге де шарттар айқындалған.

«Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасы өз қызметін келесі кезеңдер бойынша ұйымдастырады:

- 1) Оқу жылы жыл сайын 1 қыркүйекте басталып, 31 мамырда аяқталады. Оқу жылы ҚР Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру кезеңі болып табылады.
- 2) Жазғы сауықтыру кезеңі 1 маусым мен 31 тамыз аралығында ұйымдастырылады;
- 3) Мектеп жасына дейінгі ересек топ тәрбиеленушілері мектеп алды даярлық бағдарламасын меңгеру үшін мектепке ауыстыру жыл сайын 1 тамызға дейін жүзеге асырылады;
- 4) Оқу жылының 1-31 тамыз аралығында тәрбиеленушілердің ағымдағы жылдағы толық жасын ескере отырып, тәрбиеленушілерді бір жас тобынан басқасына ауыстыру жүзеге асырылады;

«Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасын жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

«Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасы» мектепке дейінгі ұйымында кадрлардың еңбегін бағалау жұмысы жақсы жолға қойылған. Педагог қызметкерлер аудандық, облыстық, республикалық марапаттарға ие. Қызмет бабында жазаланған педагогтар тіркелмеген. Ұжым арасында салауатты моральдық-психологиялық ахуал қалыптасқан.

Әкімшіліктің негізгі қызметін реттейтін басқару аппараты: меңгеруші жанындағы кеңес, педагогикалық кеңес, өндірістік жиналыс, жалпы ұжым жиналысы. Осы аталған отырыстарда балабақшаның мәселелері, есептер, тексеріс қорытындылары, ақпаратпен алмасу жүреді.

Балабақша Жарғысына, лауазымдық міндеттерге, штаттық кестеге байланысты әкімшіліктің міндеттемелері бөлінген. Басқару жүйесі жеке (меңгеруші, әдіскер, педагогтер) және алқалық ұйым (Педагогикалық кеңес, әдістемелік отырыс, әдеп кеңестері, өндірістік жиналыс, жалпы ұжым жиналысы) арқылы жүзеге асырылған. Әдіскер оқыту, тәрбиелеу бағыттары бойынша өз жұмысын жасаған.

Балабақшаның барлық салаларының, бүкіл ұжымның толық мақсатты түрде қызмет істеуіне әкімшіліктің басқаруын қамтамасыз етеді. Әкімшіліктің өзіне тиісті міндеттерді дұрыс бөлу – ұжымдық басқару және оның қызметін ұйымдастыруды қалыптастырады.

Әкімшілік басқару қызметі бойынша медбикенің, шаруашылық меңгерушісінің құжаттарының жүргізілуі тексерілді. Барлық құжаттар жинақталған, нормативке сәйкес толтырылып отырады.

### **3.2. Жасына байланысты, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер контингенті туралы мәліметтер.**

«Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-ында жалпы тізім бойынша 30 тәрбиеленуші. Балалардың құрамы 1-5 жас аралығын қамтиды, барлығы 2 топ, оның ішінде оқыту - тәрбиелеу процесі мемлекеттік тілде жүргізіледі. Топтардағы балалар санының орташа тығыздығы - 15 бала.

### **2023-2026 жылдар аралығында инклюзивтік білім беру кестесі**

Оқу жылдары	Инклюзивтік оқытылған оқушылар саны						барлығы
	2 жас	3 жас	4 жас	5 жас	6 жас	7 жас	
2023-2024 оқу жылы	0	0	0	0	0	0	0
2024-2025 оқу жылы	0	1	0	0	0	0	1
2025-2026 оқу жылы	1	0	2	0	0	0	3

#### **2025-2026 оқу жылы**

№	Тәрбиеленушінің аты – жөні	Туған күні, айы, жылы	Тобы	ПМПК №, уақыты диагнозы	ПМПК қорытындысы	Оқыту бағдарламасы
1	Асхат Ерәлі Ержанұлы	07.10.2021 жыл	«Гүлдер» ересек тобы	№ 3 23.01.2025ж ЗПР, ОНР I уровня 03.06.2026ж №894 ОНР II уровня	1. Воспитание и обучение по адаптированной учебной программе дошкольного воспитания и обучения в общеобразовательной дошкольной организации. 2. Специальная поддержка логопеда, дефектолога, психолога в условиях при КППК.	ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 29.04.2025 жылғы № 92 бұйрық негізінде құрылған «2025-2026 оқу жылына арналған балабақша педагог – психологының ерекше білімді қажет ететін балаларға арналған жылдық жұмыс жоспары». 29.08.2025

						жылы педагогикалық кеңесте қаралып, бекітілген.
2	Бактыбай Әміре Тұрарұлы	16.06.2021 жыл	«Гүлдер» ересек тобы	№ 1287 17.10.2025ж ОНР III уровня	1. Воспитание и обучение по адаптированной учебной программе дошкольного воспитания и обучения в общеобразовательной дошкольной организации. 2. Специальная поддержка логопеда в условиях при КППК.	ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 29.04.2025 жылғы № 92 бұйрық негізінде құрылған «2025-2026 оқу жылына арналған балабақша педагог – психологын ың ерекше білімді қажет ететін балаларға арналған жылдық жұмыс жоспары». 21.10.2025 жылы бекітілген.
3	Қыдырбай Зейін Азаматұлы	03.12.2023 жыл	«Балапан» аралас тобы	№ 1422 28.11.2025 ж ЗРР	1. Воспитание и обучение по адаптированной учебной программе дошкольного воспитания и обучения в общеобразовательной дошкольной организации. 2. Специальная поддержка логопеда в условиях при КППК. 2. Ребенок с особыми образовательными и потребностями. ОНР II уровня. Моторная алалия.	ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 29.04.2025 жылғы № 92 бұйрық негізінде құрылған «2025-2026 оқу жылына арналған балабақша педагог – психологын ың ерекше білімді қажет ететін балаларға арналған жылдық жұмыс жоспары». 02.12.2025 жылы

2025-2026 оқу жылдарында ерекше білім беру қажеттілігі бар тәрбиеленушілерге арналған жеке жоспарлары мен бағдарламалары жасына қарай жасақталған. Балабақшаның психологы Сартаева Айман Алдабергеновна ерекше білім беру қажеттілігі бар тәрбиеленушілермен түзету – дамыту жұмыстары мен коррекциялық іс-шаралар жүргізіп отырған.

**Логопедтік-дефектологиялық түзету – дамыту жұмыстары.** (мекемеде логопед, дефектолог мамандарының штаттық бірлігі қарастырылмаған).

**Қосымша:** Балабақша <https://zhuldyzkoktau.edu.kz/> сайтына «Мемлекеттік аттестация» айдарымен № 3. Тәрбиеленушілер контингенті бөлімінде 8. Логопедтік - дефектологиялық түзету-дамыту - жұмыстары бойынша анықтама жүктелді.

**Диагностикалық жұмыс**

**Психологиялық түзету жұмысын ұйымдастыру**

Балалармен жүргізілген психодиагностика бағыты бойынша :

«Суреттерде не бейнеленген?», «Басқасын тап», «Қиылған суреттер», «Айырмашылығын тап», «Кім кетіп қалды?», «Көп және аз», «Араға көмектес», «10 зат», «Геометриялық фигуралар», «Кім кетті?», «Суретте не бейнеленген?», «Санап көрсет», «Бірдейін тауып көрсет», «Не жетіспейді?», «Қайда тұрады?», «Төлін тап», «Заттарды ата», «Керектісін ата», «Бірдей суретті тап», «Ойыншықтар», «Төртіншісі артық», «Салыстыр», «Бірдейін тауып көрсет», «Санаймыз», «Бұл қай кезде болады?», «Үлкен және кіші», «Ойыншықтарды құрастыр», «Жүк машинасы».

Психологиялық ағарту жұмыстары бойынша: «Танысу» ойыны, «Туған күн» ойыны, «Қолың қайда?», «Ормандағы ағаштар», «Керісіншілер елі» тренинг, «Гүл» ойыны, «Тығылмашық» ойыны, «Сәлем, бұл – менмін», «Түрлі – түсті доптар» жаттығуы, «Жунглидағы жаңбыр», «Мен күлгенді ұнатамын», «Жоғалған ойыншықты тап» ойыны, «Атын атап, бояп шық», «Біз тамшымыз», «Бұзылған телефон», «Не өзгерді?» ойыны, «Сыйлық», «Доп» ойыны, «Жел» ойыны, «Сықырлы ғажайып орман», «Менің есімімді ата», «Кім нені жақсы көреді?», «Тасбақалардың жүгірісі», «Жаңбыр» (интерактивті тақтамен), «Достық», «Таңғажайып көбелектің түсі», «Батылдылық», «Бип» ойыны, «Турнир» ойыны, «Айна», «Жаңа ертегі», «Туған күн», «Жоғалған ойыншықты тап» ойыны, «Суреттерді аяқтайық», «Түймелер», «Түрлі түсті доптар», «Поезд» ойыны, «Ұқсас суретті тап», «Шөлдеу», «Көбелек», «Достық. Татулық», «Сәлем қоян», «Ұлу», «Поезд» ойыны, «Бес санын шапалақта» ойыны, «Кім сені шақырады, тап» ойыны, «Әрқашан күн сөнбесін».

Түзету-дамыту бағыты бойынша:

«Бұл неден жасалған», «Аяқталмаған суреттер», «Сандар», «Құмырсқаларға көмектес», «Пішіндерді орнына қой», «Пішіндерге арналған ұяшықты тап», «Баумен ойын», «Күн», «Машиналарды гаражға қой», «Менің достарым», «Қайсысы артық?», «Менің достарым», «Бір сөзбен айт», «Үлкен және кішкентай доптар», «Үйлер және тулар», «Өз үйінді тап», «Маған қарай жүгіріңдер», Құм

терапиясы «Ерекше іздер», «Ойнап ойла», «Көбелек», «Сөйлемді жалғастыр», «Бір қолмен сызып шық» ойыны, «Шашу» жаттығуы, «Жыл мезгілдері», «Суреттер бойынша сұрақтар», «Сәлеметсің бе, құм?», «Құмды жауын», «Құмды жел», «Ерекше іздер».

**Ата-аналармен жұмыс:** Ата-аналармен психологиялық-педагогикалық ағарту бағыты бойынша «Жүрек жылуы», «Ойын арқылы баланың тілін дамыту», «Отбасым-қорғаным» «Бала тәрбиесіндегі ата-ана», «Агрессия дегеніміз не және ол қайдан шығады?» дөңгелек үстел.

Психодиагностика бағыты бойынша «Менің сүйікті ойыншықтарым» сауалнама, ««Шығармашылыққа балаңызды баулисыз ба?» сауалнама, «Менің балам қандай?» сауалнама алынды.

Консультация бағыты бойынша «Баланың балабақшаға бейімделуі», «Ойын арқылы баланың тілін дамыту», «Балаларды тәрбиелеу және дамыту мәселелері бойынша, балалар-ата-аналар қатынастары бойынша ата-аналардың жеке консультациялары».

Педагогтармен психологиялық-педагогикалық ағарту бағыты бойынша «Менің көңіл-күйім», «Өзіңді таны», «Сіз төзімдісіз бе?», «Көңіл-күйді көтеретін қағаз», «Эмоционалды күйреуді алдын алу бойынша тренинг», топтық кеңес «Психогимнастика мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалдық денсаулығын нығайту құралы ретінде».

Психодиагностика бағыты бойынша «Сүйікті жемісіңіз қандай?» (тест), «Суреттен бірінші нені аңғардыңыз?» (психологиялық тест), «Татулықты сақтайық!», Суреттен не байқадыңыз? (психологиялық тест), «Сіз қандайсыз?» (Британиялық психологиялық тест),

**Педагогтармен жұмыс:** «Ұжымның психологиялық ахуалы» сауалнамасы, «Ұжымдағы әлеуметтік-психологиялық ахуалды зерттеу бойынша «экспресс-әдістеме».

Консультация бағыты бойынша «балабақшаға балаларды бейімдеу бойынша педагогтер мен ата-аналарға кеңестер, ұсыныстар беру», сұраулар бойынша тәрбиешілер мен ата-аналардың топтық консультациялары.

Педагог – психолог 3 баламен жеке жұмыс жоспарын құрып, балалармен топтық және жеке жұмыс жасаған, жүргізеді. «Құм терапиясы», АРТ, музыка, ертегі терапиясын қолданып, психологиялық бұрышты қолданады (дамыту жұмыстарын жүргізу үшін сенсорика, тынығу кабинеттері балабақшада қарастырылмаған).

«Жұлдыз» бөбекжай – балабақшасының педагогтары инклюзивті білім беру курсынан 100% өткен.

**Қосымша:** Балабақша <https://zhuldyzkoktau.edu.kz/kz/> сайтына «Мемлекеттік аттестация» айдарымен № 3. Тәрбиеленушілер контингенті бөлімінде 4. Жасына байланысты, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер контингенті туралы мәліметтер және жеке бағдарламалар жүктелді.

**3.3. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды ескере отырып жас топтарының толықтығы туралы мәліметтер**

«Жұлдыз» бөбекжай – балабақшасында 2023 жылдың қыркүйек айында ерекше білім беру қажеттілігі бар бала болған жоқ. 2024 жылдың қыркүйек айында

ерекше білім беру қажеттілігі бар бала болған жоқ. 2025 жылдың қаңтар айынан бастап «Гүлдер» аралас тобының тәрбиеленушісі Асхат Ерәлі (3 жаста) ПМПК-ның ЗПР диагнозымен ЕБҚЕ тәрбиеленушілер тізіміне қосылды. 2025 жылдың қазан айында «Гүлдер» аралас тобының тәрбиеленушісі Бақтыбай Әміре (4 жаста) ПМПК-ның ЗРР диагнозымен және желтоқсан айында «Балапан» аралас тобының тәрбиеленушісі Қыдырбай Зейін (2 жаста) ЗРР диагнозымен ЕБҚЕ тәрбиеленушілер тізімін толықтырды.

Мақсат: Инклюзивті топтағы ерекше балаларды оқу-тәрбие процесінде тәрбиелеу, оларға көмек көрсету. Баланың дамуындағы кемшіліктерді түзете дамыту.

#### **2023-2024 оқу жылы**

«Гүлдер» аралас тобында ЕБҚЕ тәрбиеленуші жоқ, ол топтағы барлық бала саны - 15.

«Балапан» аралас тобында ЕБҚЕ тәрбиеленуші жоқ, ол топтағы барлық бала саны -15.

#### **2024-2025 оқу жылы**

«Гүлдер» аралас тобында ЕБҚЕ тәрбиеленуші жоқ, ол топтағы барлық бала саны – 15, ағымдағы оқу жылының қаңтар айында Асхат Ерәлі (3 жаста) ПМПК-ның ЗПР және ОНР I уровня диагнозымен ЕБҚЕ тәрбиеленушілер тізіміне қосылды.

«Балапан» аралас тобында ЕБҚЕ тәрбиеленуші жоқ, ол топтағы барлық бала саны -15.

#### **2025-2026 оқу жылы**

«Гүлдер» аралас тобында ЕБҚЕ тәрбиеленуші бала - 1, ол топтағы барлық бала саны – 15, ағымдағы оқу жылының қазан айында Бақтыбай Әміре (4 жаста) ПМПК-ның ОНР III уровня диагнозымен ЕБҚЕ тәрбиеленушілер тізіміне қосылды, сонымен жалпы ЕБҚЕ тізімінде – 2 бала болды.

«Балапан» аралас тобында ЕБҚЕ тәрбиеленуші бала -1, ол топтағы барлық бала саны -15, ағымдағы оқу жылының желтоқсан айында Қыдырбай Зейін (2 жаста) ПМПК-ның ЗРР диагнозымен ЕБҚЕ тәрбиеленушілер тізіміне қосылды.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** *Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптар алдағы уақытта толық сақталуын қамтамасыз ету.*

### **3.3.Әр түрлі жас топтарының болуы туралы мәліметтер**

«Жұлдыз» бөбекжай- балабақшасында топтар аралас жас ерекшелігі бойынша жасақталады.

Топ аты	жас бойынша топтар	жас кезенділігі	Бала саны
«Гүлдер»	аралас тобы	4 жастағы балалар 3 жастағы балалар	15
«Балапан»	аралас топ	2 жастағы балалар 1 жастағы балалар	15

«Жұлдыз» бөбекжай - балабақшасына тәрбиеленушілер 1 жастан бастап қабылданады. Әр оқу жылының басында тамыз айында өз жастарына сәйкес топтарға бекітіліп, 5 жасқа толғанда ересек тобынан шығарылады.

Тәрбиеленушілерді қабылдау және есептен шығару өз мерзімінде жүргізіледі, балабақшаның басшысының бұйрығы жазылып, тіркелген.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** Балалар білім беру ұйымына 1 жастан бастап қабылданған. Жас ерекшеліктері сәйкес келеді.

**Қосымша:** Балабақша <https://zhuldyzkoktau.edu.kz/kz/> сайтына «Мемлекеттік аттестация» айдарымен № 3. Тәрбиеленушілер контингенті бөлімінде

1. Балабақшаның жобалық қуаттылығы туралы анықтама;

2. Әр түрлі жас топтарының болуы туралы мәліметтер (6-8 пункттер) № 3-қосымшалар жүктелді.

### **3.4. Білім алушылар (тәрбиеленушілер) контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер**

«Жұлдыз» бөбекжай - балабақшасына тәрбиеленушілер ұйым Жарғысына және нормативтік актілер негізінде 1 жастан бастап қабылданады. Әр оқу жылының басында тамыз айында өз жастарына сәйкес топтарға бекітіліп, 5 жасқа толғанда ересек тобынан шығарылады. Тәрбиеленушілерді қабылдау және есептен шығару өз мерзімінде жүргізілген.

Оқу жылы	Қабылданған бала саны	Оның ішінде жасы бойынша				
		1 жас	2 жас	3 жас	4 жас	5 жас
2023-2024 оқу жылы	17	0	3	7	7	0
2024-2025 оқу жылы	19	0	12	7	0	0
2025-2026 оқу жылы	16	2	8	0	6	0

**ҚОРЫТЫНДЫ:** Тәрбиеленушілерді қабылдау және есептен шығару өз мерзімінде жүргізілген.

**Қосымша:** Балабақша <https://zhuldyzkoktau.edu.kz/kz/> сайтына «Мемлекеттік аттестация» айдарымен № 3. Тәрбиеленушілер контингенті бөлімінде

7.Тәрбиеленушілер контингентінің қозғалысы туралы; 10. Тәрбиеленушілерді мемлекеттік қабылдау бойынша толық құжаттары; 6. Ата-аналармен келісім шарттары мен келісім шарттарды тіркеу журналдары жүктелді.

**Ата – аналармен жұмыс:** 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығының 27 – тармағына сәйкес отбасы мен тәрбиеленушіні әлеуметтік – педагогикалық қолдау мақсатында мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата – аналары үшін «Жұлдыз» бөбекжай – балабақшасында» ата-аналардың қажеттіліктері ескеріліп, консультациялық пункт құрылған және өз алдына құрылған кестесі мен жоспарына сәйкес жұмыс жасаған.

**Қосымша:** Балабақша <https://zhuldyzkoktau.edu.kz/kz/> сайтына «Мемлекеттік аттестация» айдарымен № 3. Тәрбиеленушілер контингенті бөлімінде 3.Балалардың ата-аналары үшін білім беру ұйымдарында ата-аналардың қажеттіліктері ескеріліп, консультациялық пункттер жұмысы бойынша КПП бойынша бұйрықтар, жұмыс кестелері, жопарлар, КПП анықтама, Қысқа мерзімді топ құру туралы анықтама және мәліметтер жүктелді.

**3.5. Білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы мәліметтер.**

**ҚОРЫТЫНДЫ:**

**3.6. Тәрбие және оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:**

- балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау.

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында балалар білім беру ұйымына 1 жастан бастап қабылданған. Жас ерекшеліктері сәйкес келеді. Тәрбиеленушілерді бір жас тобынан басқасына ауыстыру тәрбиеленушінің ағымдағы күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

### Тәрбиеленушілер контингентінің құрылымы

*Соңғы жылдардағы барлық тәрбиеленушілердің қамтылуы туралы мәлімет.*

Оқу жылы	Топ саны	Бала саны
2023-2024 оқу жылы	2	30
2024-2025 оқу жылы	2	30
2025-2026 оқу жылы	2	30

Оқу жылы	Топ аты	Бала саны	Оқыту- тәрбиелеу тілі
2023-2024 оқу жылы	«Балапан»	15	қазақша
	«Гүлдер»	15	қазақша
2024-2025 оқу жылы	«Балапан»	11	қазақша
	«Гүлдер»	19	қазақша
2025-2026 оқу жылы (қыркүйек айы)	«Балапан»	15	қазақша
	«Гүлдер»	15	қазақша
2025-2026 оқу жылы (желтоқсан айы)	«Балапан»	10	қазақша
	«Гүлдер»	20	қазақша

2023 – 2024 және 2024 – 2025 оқу жылында 31.08.2022 жылғы № 385 бұйрығының 1-қосымшасының 6-тармағына сәйкес топтардағы бала саны жас ерекшеліктеріне сәйкес топтастырылған.

2025 – 2026 оқу жылында ИС «Дарабала» платформасында кезекте 3 жастағы балалардың болмауына байланысты 31.08.2022 жылғы № 385 бұйрығының 1-қосымшасының 6-тармағына сәйкес топтардағы бала санын жас ерекшеліктеріне сай топтастыру мүмкін болмаған, алайда 2025 жылдың желтоқсан айында топтардағы бала саны жас ерекшеліктеріне сай топтастырылған.

**Қосымша:** Балабақша <https://zhuldyzkoktau.edu.kz/kz/> сайтына «Мемлекеттік аттестация» айдарымен № 3. Тәрбиеленушілер контингенті бөлімінде 5. Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру және 9.2025-2026 оқу жылы №385 бұйрығына сәйкестендіру бойынша анықтамалар 2025-2026 оқу жылы Жазғы сауықтыру кезеңі Бұйрық топтарды біріктіру бұйрықтары жүктелді.

#### **3.7. 1-сыныпқа тәрбиеленушіні қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру мерзімдерін сақтау.**

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес, мектепке дейінгі ұйымда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасының мазмұнын меңгеру кезеңі, оқу - тәрбиелеу процесі 1 қыркүйектен бастап 31 мамырға дейін жүзеге асырылады.

Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл.

Ересек топ тәрбиеленушілері 5 жастан бастап балабақшадан шығарылады.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптары сақталған. (бір бала бір жас ерекшелік тобында екі жыл қатарынан отырған жоқ.)

#### 4. Оқу-әдістемелік жұмыс

**4.1. Жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдасқан қызметтің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі;**

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдары аралығындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үшін құрылған оқу жұмыс жоспарларындағы білім беру салалары мен ұйымдастырылған оқу қызметінің мектепке дейінгі ұйымның МЖМБС талаптары мен ҮОЖ талаптарына сәйкестігі тексерілді. Аталған жылдардағы барлық оқу жұмыс жоспарлары, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестелері мекеме басшысымен бекітілген, мекеменің мөрімен куәландырылған.

Тәрбиеленушілердің апталық оқу жүктемесінің көлемі ұзақтығы мен ұйымдастырылған оқу қызметі санитарлық–гигиеналық нормалар мен ережелер талаптарына сәйкес келеді.

«Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасы МКҚК тәрбиелеу - білім беру қызметін ұйымдастыруда:

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты” және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.09.2022 № 394 бекітілген) сәйкес құрылған.

1- қосымша. Бөбек жасындағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары;

2 - қосымша. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары;

3 - қосымша. Мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды топқа / мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары; (5 жастағы балалар)

Аталған оқу жылдарында негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды:

- 1) әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;
- 2) балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- 3) тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- 4) Отанды, ана тілін сүйеу, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу; баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық,

эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыруда ойын арқылы оқыту, түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту қағидаларын басты назарда ұстаған.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша

- физикалық дамыту;
  - коммуникативтік дағдыларды дамыту;
  - танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
  - шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
  - әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.
- «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-ның педагогикалық ұжымы тәрбиелеу, білім беру процесін
- перспективалық жоспары;
  - циклограммасы;
  - бала дамуының мониторингі арқылы іске асырады.

**Перспективалық жоспарды** ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша тәрбиешілер оқу жылы басталғанға дейін жылына жасап, мекеме басшысымен бекіттірген. Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалған.

**Циклограмманың** ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізілетін дене шынықтыру, қазақ тілі, сауат ашу негіздері және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылған.

*Циклограмма* әр аптаға құрылған, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылған. Балабақша топтарының циклограммалары:

- аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықталған;
- әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып жасалған;
- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологиялар, әдістер мен тәсілдер қолданылған;
- әрбір балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы орта құрылған.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді. Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы ән айтуға, музыка тыңдауға, әндерді жаттатуға, импровизацияға, музыкамен ырғақты

қозғалыстарға, шулы балалар аспаптарында ойнауға және музыкалық іс-әрекеттің басқа түрлеріне уақыт бөлінген.

Циклограмма әр аптаға құрылған, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етілген. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылған.

#### **Қорытынды:**

*Мектепке дейінгі ұйымының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жұмыс жоспарлары, білім беру салалары және ұйымдастырылған оқу қызметі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты” талаптары мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына 1-қосымша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары талаптарына сәйкес құрылған.*

**Қосымша:** Балабақша <https://zhuldyzkoktau.edu.kz/kz/> сайтына «Мемлекеттік аттестация» айдарымен №4. Оқу - әдістемелік жұмыс бөлімінде 1. Оқу жұмыс жоспарлары, 2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру бөлімінің Жылдық жоспар, "Адал азамат" бағдарламасы тарауында 1. 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарының "Жұлдыз" бөбекжай - балабақшасы МКҚК - ның Жылдық жоспары, әдіскердің айлық жоспары, апталық жоспары және қорытынды талдау есептері, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарына арналған "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы бойынша жоспарлармен іс-шаралар; 2. 2025 - 2026 оқу жылы "Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасының" іс -шаралар жоспары және «Әкелер мектебі», «Әжелер мектебі», «Аналар мектебінің» іс-шаралар жоспарлары сонымен бірге ұйымдастырылған іс-шаралар қорытындысы, 2025 -2026 оқу жылының Жазғы сауықтыру кезеңіне арнаған жоспар және №4. Оқу - әдістемелік жұмыс бөлімінде 3. Педагогикалық кеңес, әдеп кеңесі, әдістемелік, қамқоршылық кеңестер және ата-аналардың жұмыс жоспарлары мен құжаттары; №1. Балабақша құжаттары бөлімінде Әдеп қағидаларын сақтау бойынша анықтама жүктелді.

#### **4.2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру.**

**Басты мақсат:** Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытады. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының міндеттерін іске асыру мақсатында жаңа талабына сай баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, адамгершілік сынды қасиеттерді саналарына сіңіріп, жаһандану заманында өз елін қорғайтын, үлкенді сыйлайтын болашақ ұрпақ тәрбиелеп, балаға жүйелі білім бере отырып, дені сау, білімді, өнерлі ұрпақ тәрбиелеуге үлес қосу.

2023-2024 оқу жылындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен (ҚР Оқу-ағарту министрінің 14.10.2022 жылғы № 422 бұйрығымен) бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделген.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту мақсаты: жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді беру болып табылады.

*Бағдарламаның мазмұны бағытталған:*

- ✓ дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруға;
- ✓ балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуге, қолдың ұсақ моторикасын, командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға;
- ✓ тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуге;
- ✓ өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасауға;
- ✓ тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға;

Балабақшада мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарты мен Үлгілік оқу жоспарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнында:

- 1) тәрбиелеу-білім беру процесінің міндеттерін іске асыру;
- 2) ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны;
- 3) білім беру іс-әрекетін тиімді кіріктіру;
- 4) сабақтастық принциптерін, тәрбие мен оқытудың үздіксіздігін қамтамасыз ету;
- 5) ұйымдастырылған іс-әрекеттің күтілетін нәтижелері қарастырылған.

Бағдарламаның мазмұны балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, келесі жас топтарында іске асырылған:

«Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының әр жас топтары бойынша перспективалық жоспарларында төмендегідей мақсат-міндеттер жүзеге асырылған:

**«Балапан» аралас тобы бойынша:**

- қимылды, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік және дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын соның ішінде ерте жастағы балаларда қалыптастыруға;

- балалардың өмірін қорғауға және денсаулықты нығайтуға, ағзаның үйлесімді психофизикалық дамуы үшін жағдай жасау;
- дененің өсуі мен дамуының табиғи процестерін жетілдіру, қимыл-қозғалыстарға деген биологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру, дене белсенділігін дамытуға жағдай жасау;

**«Гүлдер» ересек тобы бойынша:**

- денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың денсаулығын нығайту, қимыл белсенділігін дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру
- баланың денсаулығын сақтау және нығайту, дене шынықтыруға қызығушылықты арттыру, денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, қимыл-қозғалыс тәжірибесін байыту, дене сапаларына және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту
- инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, әлеуметте қарым-қатынас жасау үшін тілді меңгеру және коммуникативтік дағдыларды дамыту
- қоршаған әлеммен өзара әрекет ету үшін қажетті танымдық іс-әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгеруге жағдай жасау;
- балалардың танымдық, шығармашылық, музыкалық қабілеттерін қалыптастыру;
- әртүрлі өмірлік және ойын жағдаяттарында әлеуметтік қатынастар жүйесіне ену негізінде баланың әлеуметтік тәжірибесін, жеке қасиеттерін қалыптастыру болып табылады.
- сөздік қорды байыту, сөйлеу дағдыларын, әдеби шығармалар мен халық ауыз әдебиеті шығармаларына қызығушылықты қалыптастыру
- балалардың танымдық қабілеттерін, білуге құштарлығын, қиялын, зейінін, есте сақтауын, байқағыштығын дамыту
- балалардың эстетикалық қабылдауын қалыптастыру, дербес тәжірибелік және шығармашылық әрекетті дамыту
- балаларды әлеуметтендіру, экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру болып табылады

Ұйымдастырылған оқу қызметтері Перспективалық жоспар мен циклограммалары Үлгілік оқу жоспарына сәйкес іске асырылады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу қызметінің бөлінуін растайтын құжаттар соның ішінде күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммаларға сәйкес перспективалық жоспары, оның ішінде жылдық жұмыс жоспарлары құрылып, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі мекеме басшысымен бекітіліп отырған.

Циклограммада әрбір күн тәртібі сәтінің ұзақтығы Санитариялық қағидалары талаптарына сәйкес балалардың жас ерекшеліктері ескеріліп, жасалған. Циклограмманы құрастыруда таңертеңгі гимнастикалардың серуендеріне, дидактикалық, қимылды және т.б. ойындарына, саусақ, артикуляциялық және гимнастиканың басқа түрлерін қолдануға көңіл бөлінген.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** Білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен енгізілген өзгерістер) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» талаптарына сәйкес.

**Қосымша:** Балабақша <https://zhuldyzkoktau.edu.kz/kz/> сайтына «Мемлекеттік аттестация» айдарымен №4. Оқу - әдістемелік жұмыс бөлімінде 2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру бойынша : 2023-2024 оқу жылы «Асыл мұра» вариативті бағдарламасы; 2024 -2025 оқу жылы "1-ден 5-ке дейінгі сандарды меңгеру" вариативті бағдарламасы; 1.4. 2025-2026 оқу жылы "Қызықты математика" вариативті бағдарламалар жүктелді (вариативтік бағдарламалар әр жылғы оқу жылының ішінде «Балапан» тобы және «Гүлдер» тобының ішіне жүктелінді)

### **4.3. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне өлшемшарттар:**

**- тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптардың сәйкестігі және сақталуы.**

**Талдау:** 2023 - 2024 оқу жылдарындағы жұмыстық оқу жоспарларында ҮОЖ белгіленген оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі ескеріле отырып, оқу жүктемесі берілген. Ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі бекітілген. Білім беру мазмұны бойынша өтпелі тақырыптарға сәйкес ұзақ мерзімді жоспарлар бекітіліп, циклограммалар жасалған, оқыту мерзімдеріне бөлінген, 5 дағдыны қамтиды. Циклограммада тақырыбы, мақсаты, ресурстары, әдіс-тәсілдері, дидактикалық ойындары, күтілетін нәтижелері көрсетіле отырып жазылған.

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі кіші жастадағы (2 жастағы) және мектепке дейінгі жастағы (3-5 жастағы) балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларында көрсетілгендей айқындалған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспарларын әзірлеу кезінде тәрбиеленушілердің жас, психологиялық-физиологиялық мүмкіндіктері мен ерекшеліктері ескеріле отырып, оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сақталған.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** Апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы шекті көлемі, ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы балалардың денсаулығы мен психикасын қорғау талаптарына сәйкес.

**Қосымша:** Балабақша <https://zhuldyzkoktau.edu.kz/kz/> сайтына «Мемлекеттік аттестация» айдарымен №4. Оқу - әдістемелік жұмыс бөлімінде 2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру бойынша «Балапан» және «Гүлдер» тобының перспективалық жоспарлары, күн тәртібі, Ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесі, апталық циклограммалар, Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған перспективалық жоспарлармен апталық циклограммалары, күн тәртібі және әдіскердің, дене тәрбие нұсқаушысының, музыка жетекшісінің, педагог-психолог мамандарының оқу жылына және Жазғы сауықтыру кезеңіне жоспарланған құжаттары жүктелді.

## **5. Оқу-материалдық активтер**

**5.1. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау.**

«Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны бейімделген үлгідегі, бір қабатты ғимараты 1966 жылы салынып, 2008 жылдың 23 қаңтарынан бастап балабақша өз жұмысын жасап келеді.

Бөбекжай - балабақшасы 30 орынға арналған, қазақ тілінде 2 топ жұмыс жасайды. Мектепке дейінгі мекемеде барлығы 17 –қызметкерлер жұмыс жасайды, оның ішінде педагог қызметкерлер саны – 7.

Штаттық кесте Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а 2023 жылғы 21 шілдедегідағы № 224 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарына» сәйкес 22,25 бірлікті құрайды, аудандық білім бөлімінің басшысымен келісілген, мекеме басшысымен бекітілген. Балабақшаның сайтына тарифтік тізім мен штаттық кесте орналастырылған.

**“ Жұлдыз” бөбекжай- балабақшасы МКҚК- ның штаттық кесте бірліктері:**

№	Қызмет атауы	бірліктер
1	Меңгеруші	1
2	Педагог-психолог	0,5
3	Әдіскер	0,5
4	Шаруашылық меңгерушісі	0,5
5	Медбике	0,5
6	Диетбике	-
7	Есепші	0,5
8	Тәрбиеші	4,5
9	Музыка жетекшісі	0,5
10	Тәрбиешінің көмекшісі	2
11	Аспаз	1,5
12	Аспазшы көмекшісі	0,5
13	Кір жуушы	1
14	Кастелянша	0,5
15	Аула тазалаушы	0,5
16	Күзетші	3
17	Жұмысшы	0,5
18	Оператор	3
19	Еден жуушы	1
20	Дене шынықтыру нұсқаушысы	0,25
21	Логопед	-
22	Дефектолог	-
23	Коймашы	-
	<b>барлығы</b>	<b>22,25</b>

**Қосымша:** Балабақша <https://zhuldyzkoktau.edu.kz/kz/> сайтына «Мемлекеттік аттестация» айдарымен № 2. Педагог кадрлар құжаттары бөлімінде Штаттық кестелер жүктелді.

Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық және медициналық, әлеуметтік жағдайы балалардың өмірін қорғау және денсаулығының нығайтуын, интеллектуалдық дамуын, эмоционалдық жағдайын жақсартуды қамтамасыз етеді. Мектепке дейінгі ұйымның аумағы қазіргі заман талабына

сай жабдықталған. Әр топтың өзінің ойын алаңы бар, талапқа сай жабдықталған. Балабақшаның ойын алаңын балалар ойындарына арналған құралдармен жабдықтаған. Барлық топтар мен кабинеттер талапқа сай жиһаздармен, көрнекі, оқу- әдістемелік құралдармен жабдықталған. Мектепке дейінгі ұйымда медициналық бөлме бар, қазіргі заман талабына сай жабдықталған.

Балабақшаның тәрбиеленушілерінің толыққанды дамуы үшін, оқыту - тәрбиелеу үдерісінде педагогтерге қолайлы жағдай туғызу үшін, білім беру процесіне ата-аналарды баулу үшін материалдық базасын жетілдіру басты мақсатымыз.

Балабақшаның негізгі мақсаты техникалық құрал - жабдықтарды уақытында алу, жөндеу жұмыстарын жүргізу, видео, аудиоаппараттарды, дидактикалық құралдарды алу, жиһаздардың болуы, оргтехника, оқу-әдістемелік, көркем әдебиеттерді және т.б. білім беру процесіне қажетті заттарды алу болып табылады.

«Жұлдыз» бөбекжай -балабақшасының территориясы 1511 шаршы метрге созылған. Онда әрбір топқа арналған учаскілері бар. Әрбір учаскіге арналған ойын құрылыстары орналасқан.

Балабақшамызда балалар қабылдау бөлмесі ортақ, ойын және жатын бөлмелері, ортақ дәретхана. Топтарда балалардың танымдық қабілетін дамытуға мақсатталған сюжетті, дидактикалық ойындар, әдебиеттер, журналдар топтамасы, әдістемеліктер, көрнекі құралдармен жабдықталған.

«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығын басшылыққа ала отырып, балабақшаны құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету жұмысы жүргізілген.

*Ас блогы* өзіне қажетті асты даярлау және пісіру, (тарату орыны, шикі өнімдерді, дайын өнімдерді өңдеуге арналған үстел, ас үй ыдыстарын жуу жүйелігі сақталған) 1 бөлмеден тұрады. Онда бар: тоңазытқыш-1(холодильник), мұздатқыш камерасы – 1 (морозильная камера), электро етартқыш-1 (электромясорубка), электроплита – 1, үстел ас блогына арналған- 2 (стол произв для пищеблок ) бар.

*Кір жуу бөлмесі* дәретханамен (санузел) бірге орналасқан. Кір жууға қажетті заттар: автоматты кір жуу машиналары-1, (стиральная машина автомат), кір кептіргіш -2 (сушилка), үтік – 2 (утюг). Үстел үтікке арналған – 1. Жұмыс күндері үлкен кір жуылмайды (тек бірең-сараң кішкене кірлер болмаса), кір жуушының жұмыс кестесіне сәйкес аптаның бейсенбі, жұма күндері демалып, сенбі кір жуып, жексенбі күні кепкен кірлерді үтіктеп, жинайды.

*Медбикенің бөлмесі.* Медициналық жабдық пен құрал саймандар толық жабдықталған. медициналық шкаф - 1, кушетка - 1, бой өлшегіш - 1, вакциналарды тасымалдауға арналған термоконтейнер -1, холодильник – 1, кеңсе шкафы - 2, жазу үстелі - 1, орындықтар - 1, керме - 1, тонометр - 1, әйнек қақпағы бар медициналық үстел - 1, фонендоскоп - 1, жылжымалы бактерицидті шам - 1, медициналық таразы - 1, медициналық термометрлер -32, жуатын раковина -1, педальды шелек - 1, қайшы - 1, вакциналардың қалдығын жоюға арналған ыдыс - 2, медициналық халаттармен қалпақтар - 2, бір рет қолданатын жаймалар мен орамалдар - 100, бетперделер - 200, бикстер - 1, резеңке бұрау – 6; 2, 5, 10 инелері

бар бір рет қолданатын шприцтер – 5 данадан, резеңке жылытқы - 1, мұзға арналған ыдыс - 1, бүйрек тәрізді науа - 6, металл қалақша - 50, шиналар - 4, көздің көргіштігін анықтауға арналған кестелер - 1, сантиметрлік лента - 1, дозаторы бар сұйық сабын, жинау мүкәммалы құралдары, кеңсе құралдары қолданыста бар.

Музыка залы жоқ, дегенмен «Гүлдер» тобының жатын бөлмесінде музыка бұрышы ұйымдастырылған. Музыка бұрышында музыкалық аспаптармен жабдықталған: проекционный экран - 1, графапроектор – 1, акустическая колонка - 1, балаларға арналған домбыра - 2, интерактивті тақта - 1, ағаш қасық музыкалық - 8, үш бұрышты аспап - 3, бубен - 3, маракас - 4, трещетка - 1, металлофон - 1, барабан - 3, шаңқобыз-1, қобыз – 1, асатаяқ – 1, сыбызғы – 2, қоңырау – 8, үрмелі құс – 4, сылдырмақ – 10, тұяқтас – 1.

Қолдан жасалған аспаптар: Кілттерден сылдырмақтар, баклажкадан маракастар, пластиктен стаканшалар, ойыншық лампалар қоңыраулар, оқтау ағаштар 30 см - клавишиндер, пластик тарелкелер, сақиналардан трищеткалар, балаларға арналған орындықтар - 25, композиторлар портретінің жиынтығы - 1.

Спорт залы «Балапан» тобының жатын бөлмесінен бұрыш ұйымдастырылған. Спорт бұрышында спорттық құрал жабдықтар жабдықталған: гимнастикалық баспалдақ - 2, коврик гимнастикалық - 12, құрсау (обручи гимнастический) - 6, мячи разные - 10, набор бадминтона - 2, гантель-2, кольцо брос - 3, кегли крупный – 20 дана, боулинг – 2 дана, велосипеды - 2, гимнастически палки - 20, гир для прыжки - 8, лыжи - 4, шариктер жиынтығы құрғақ бассейн – 1, мяч массажный -10.

Меңгеруші мен әдіскер, педагог – психолог, тәрбиешілер, медбике, шаруашылық меңгерушісі қызметкерлеріне арналған: 4 компьютер ғаламторға қосылған, 3 дана принтер, оның 2-уі түрлі түсті бар. Жазу үстелдер-3, кеңсе шкафтары- 5, киімге арналған шкафтар-1, орындықтар - 10, кілемдер – 4, өртке төзімді сейф - 1. Мектепке дейінгі ұйымының әкімшілігі материалдық-техникалық базасының нығаюына үлкен көңіл бөледі. Электр желісінің жағдайы техникалық нормаларға сай.

Өрт сөндірудің щиті алғашқы құралдарымен жабдықталған. МДҰ-да өрт дабылы өткізілген. Терезелер, есіктер қанағаттанарлық күйде. Әрбір эвакуациялау жолдарында «ШЫҒЫС» белгісі бар. Жанып тұрады. *Өрт сөндіргіш құралдары*: өрт сөндіргіш щиті - 1, өрт сөндіргіш ОП5 - 6 дана, дабыл қаққыш «ГРАНИТ-5» балабақшада эвакуация жолдарының көрсеткіштері, жоспар кестесі қабырғада орналасқан.

**5.2. Ғимарат туралы мәлімет (ғимарат типі, салынған жылы, жобалық қуаты, ағымдағы және күрделі жөндеу өткізуге қажеттілік және басқалары).** Мектепке дейінгі мекеменің меншік иесі құқығына иелік ететін құжаты бар.

Ғимараттың техникалық төлқұжаты:

Ғимарат типі: 1 қабатты

Салынған жылы: 1966 ж.

Балабақшаның жобалық қуаты 30 орын.

Білім беру мекемесінің меншік иесі құқығына иелік ететін құжаты бар.

Тұрақты жер пайдалану актісі бар, жер учаскесінің кадастрлық нөмірі : 02-034-021-578

Құрылыс ауданы- 303,7 ш.м. Ғимараттың ауқымы- 972 ш.м. Жалпы ауданы- 1511,7 ш.м

*Күрделі жөндеу жүргізілмеген (электр – энергия жүйесін, жылыту жүйесін, ғимарат төбесінің ағаш жабындысын, бөлмеаралық есіктерді, кіреберіс және артқы есікті және еденде жатқан линолеумдарды өртке қарсы линолеуммен толық ауыстыруды) өте қажет етеді. Жобалық - сметалық құжаттар жасалмаған, жоқ.*

Ағымдағы жөндеу жұмыстары:

Балабақша бойынша әктеу, сырлау ағымдағы жөндеу жұмыстар жыл сайын жаз мезгілінде өткізіліп тұрады.

### **5.3. Жиһаз және жабдықтармен қамтылу туралы ақпарат.**

«Жұлдыз» бөбекжай - балабақшасында тәрбиеленушілердің дамуы мен білім алуына барлық жағдай жасалған. Балабақшада барлығы- 2 топ бар, әр топтың санитарлық гигиеналық талаптарына сәйкес жабдықталуы нормаға сәйкес.

#### **Топтық бөлмеге арналған жабдықпен жиһаз**

Жартылай жұмсақ орындық – 2; Кітап сөресі – 3; 2-4 орындық балаларға арналған үстелдер (мектепке дейінгі ұйым әкімшілігінің қалауы бойынша, отыратын орындардың жалпы саны 15) – 10; Балалар орындығы – 55;

Ойыншықтарды орналастыруға арналған шкафтар, қабырғалар, сөрелер, жәшіктер - қажеттілігіне қарай жеткілікті; Маркерлік тақта – 2; Хабарландыру тақтасы – 2; Жұмсақ ойын және дамыту модельдері – 2; Балалар жұмыстарына арналған стенд – 2; Материалдарды сақтауға арналған мөлдір контейнерлер – 54; Шарлармен құрғақ бассейн – 1;

#### **Топтық бөлме үшін ұсынылатын жабдық**

Микрофон-телефон гарнитурасы және web-камерасы бар жиынтықта интернетке қол жеткізу мүмкіндігі бар дербес компьютер – 2; Интерактивті панель – 1;

#### **Топтық бөлме үшін қосымша жабдықпен жиһаз**

Бір секциялы/екі секциялы балалардың киіміне арналған – 1/5 – 8; Орамалға арналған ілгіш 1/5 – 8; Төсек жабдық салатын тумба – 2; Жақтаудағы айна – 1; Шаңсорғыш – 2;

Кезекшілерге арналған алжапқыш – 2; Үш қабатты жылжымалы кереует – 10;

Балалар орындығы – 30;

«Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасындағы топтардың барлығы балалардың жас ерекшеліктеріне сай жабдықталып, безендірілген, қажетті көрнекілік құралдарымен қамтамасыз етілген. Топтағы заттық-дамыту орталықтары жас ерекшеліктеріне сай құрылған, мектепке дейінгі тәрбие оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістік дамытушы орта ретінде құрылған.

Топтағы заттық-дамыту орталықтары төмендегідей жиһаздармен жабдықталған: балалардың жасына байланысты үстелдер мен отырғыштар, тақта, кітаптар мен құрал-жабдықтар қоятын сөрелер, стендтер.

Балалардың денсаулығын және өмірін сақтаудағы қауіпсіздік ережелері қатаң сақталған. Қабылдау бөлмесінде ата-аналарға арналған ақпарат бұрыштары, жылжымалы папкілер бар. Онда ата-аналарға арналған педагогикалық және дәрігерлік кеңестер мен хабарландырулар, балалардың жеткен жетістіктері туралы ақпарат берілген. Топтарда «Мобильді кітапхана», «Шаштараз бұрышы», «Дүкен», «Емхана», «Дәріхана бұрышы», «Ұлттық бұрышы», «Зертхана бұрышы», «Өрт сөндіруші», «Құрылыс бұрышы» сонымен қатар «Табиғат бұрышы», «Біз кезекшіміз», «Көліктер тұрағы» және «Шығармашылық бұрыштары» орнатылған. Сюжеттік-рольдік ойындардың құрал жабдықтары

жинақталған, бөлме өсімдіктері өсеріледі. Топта балалардың ой-өрісін, тілдерін дамыту мақсатында мозайка, үстел үсті және әр-түрлі құрастырмалы ойыншықтар жинағы бар. Театрлық іс-әрекеттерін және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында драматизациялауға арналған қуыршақтар, үстел үсті театрлар, көлеңкелі театрларының атрибуттары жинақталған. Топ тәрбиешілерінің көрнекіліктері эстетикалық талғамға сай жасалған.

Пәндік-кеңістік дамытушы орта бес дағды бойынша негізделген, балалардың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін, жас ерекшеліктеріне сәйкес төмендегідей бөлінген.

***Қимыл дағдыларын дамыту мен сауықтыруға арналған оқу және ойын материалдары:***

Ұлттық ойындарға арналған жабдықтар мен құрал-саймандар – 2 жиынтық;  
Қимылды ойындарға арналған жабдықтар мен құрал-саймандар -3 жиынтық;  
Майтабандылықтың алдын алуға және сымбатты қалыптастыруға арналған жабдықтар – 2; Спорт туралы альбомы – 2; Дұрыс тамақтану туралы альбомы – 2 дана; Салауатты өмір салтын насихаттау альбомы -2 дана; Доптарға арналған себет – 2; Лақтыруға арналаған қалталар – 30; Резеңке доп (әр түрлі диаметрлі) – 6; Секіретін үлкен доп – 6; Диаметрі 500-600 миллиметр балалар шеңбері -13; гимнастикалық таяқ -6; Кеглдер жиынтығы - 6; Аяққа арналған массаж жолдары – 6; Гимнастикалық шеңбер – 8; Балалар велосипеді – 2;  
Балалар шаңғысы – 4; Қабырға баспалдағы; Арқан саты; Асықтар; Шертпе ойыны; Балалардың пластмасса гантельдері; Ысқырық; Түрлі түсті жалау; Боулинг добы – 2; Арқан жіп – 1; Табанға арналған массаж төсеніштер – 4; Кішкентай массаж доптар – 17; Физикалық қасиеттерді дамыту бойынша картотекасы; Ұлттық ойындар бойынша картотекасы; Таңертеңгілік жаттығулар;  
***Коммуникативтік дағдыларды дамыту:*** Әр түрлі көлемдегі пирамида – 4; Ермек ойыншық – 13; Баулармен, түймелермен, белдіктермен, құлыптармен және үстел үсті ойыны – 12; Қуыршақ – 12; Ұлттық киімдегі қуыршақ – 2; Маусымдық киімдегі қуыршақ – 2; Қуыршақ театрының жиынтығы – 4; «Киіз үй және оның жабдықтары» ойын жиынтығы – 2; Ойыншық жиһаз – 6; Ойыншық ыдыстар жиынтығы – 6; Машина – 18; Көлік жиынтығы (жеңіл, жүк, әуе,су, арнайы) – 12; Құммен ойнауға арналған жиынтық – 10; Ұсақ моториканы дамытуға арналған дидиктикалық ойыншықтар – 15; Ірі моториканы дамытуға арналған дидиктикалық ойыншық – 5; Ойыншық арба – 5; Ойыншық (жануарлар, жәндіктер, құстар) – 13; Тақырыптар бойынша заттық суреттер жиынтығы -2; Сюжетті суреттер – 9; Кітапшалар, ертегілер, оның ішінде сөйлетін кітапшалар мен ертегілер – 7; Глобус – 2; Көкіністер мен жемістер муляждары – 4; Фланеграф – 2; Лэпбук «Күзгі сый»; Лэпбук «Қыс қызығы»; Лэпбук «Менің балабақшам»; Лэпбук «Менің отбасым»; Коммуникативтік дағдылар бойынша картотекасы

***Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту бойынша:*** Дидиктикалық ойындар (санау, түс, өлшем, геометрикалық пішіндер, тірі және өлі табиғат, жыл мезгілдері, кеңістіппен уақытты бағдарлау) – 15; Сенсорлық дамытуға арналған дидактикалық ойын материалдары: (визуалды, аудио, тактильді)-3; Ірі бөлшектері бар конструктор (ағаш немесе пластмас) – 3; Ағаш немесе пластмаса бөлшектері бар конструктор – 6; Демонстрациялық геометриялық пішіндер жиынтығы – 1; Үлістірмелі геометриялық пішіндер жиындығы – 5; Жазық геометриялық

пішіндер жиынтығы – 3; Әр түрлі пішінді заттар бейнеленген заттық суреттер – 30; Сандар кассасы – 2; Санау материалы – 30;

1ден -5-ке дейінгі сандары бар карточкалар жиынтығы – 1; 5-ке дейінгі сандары бар санамақтар – 15; Санау таяқшалары – 30; Құмсағаты – 2; Сандарды зерттеуге арналған ойын кілемшесі – 3; Пазл Танграм – 15; Шахмат – 5; Дойбы – 5; 20-25 бөлшекті пазлдар – 6; 100 бөлшекті пазлдар – 3; Әр түрлі тақырыптағы лото – 3; Суретті домино – 10; Дамытушы үстел ойындары – 5; Кубик рубик – 3; Мозайкалар – 12; Геометриялық пішіндер дидактикалық ойындар; Сенсорика бойынша картотекасы; Сергету сәттері; Кеңістіктер дидактикалық ойындар картотекасы;

### **Ұсынылатын қосымша материалдар мен жабдықтар:**

Конструкциялық элементтерден, мүсіндерден, объектілерден, нұсқаулықтардан тұратын конструкциялық жиынтық – 8.

**Шығармашылық дағдыларды, зерттеушілік әрекетті дамытуға арналған оқу және ойын материалдары:** Әр түрлі сылдырмақтар – 10; Музыкалық ойыншықтыр – 4 жиынтық; Балалардың дыбыстық музыкалық аспаптары – 4 жиынтық; Қоңыраулар – 20; Қалпақтар – 10; Сөмкелер – 10; Әр түрлі мамандыққа арналған балалар киімдері – 10; Саусақ театрына арналған қуыршатар – 2 жиынтық; Марионетка қуыршақтар – 4 жиынтық; Саусақ театрына арналған қуыршақтар – 2 жиынтық; Көлеңке театрына арналған ширма -2;

Бейнелеу өнеріне арналған материалдар мен құралдар: қарандаштар (қарапайым, түрлі түсті), бор, фломастерлер, бояулар, гуаш, қылқалам, сызғыш, сорғыш қағаз сүлгілер – 32; Бұйымдар жасауға арналған материалдар мен құралдар: ермексаз, желім – 20; Боямақтар – 20;

Жапсыруға арналған материалдар мен құралдар: түрлі түсті қағаз, түрлі түсті және ақ картон, қайшы, скотч, түрлі түсті жүн – 20; Зерттеу, зерделеу және бұйымдар жасауға арналған әртүрлі табиғи материалдар – 7; Балаларға арналған мольберт – 3;

Матадан және клеенкадан жасалған алжапқыштар – 20; Тазалауға арналған мүкәммалдар (тазиктер, шүберектер, щеткалар) – 2 жиынтық; Ауыл шаруашылығы және тұрмыстық еңбектің фото және суреттері бар альбомдар -2 жиынтық; Ойыншықтар құралдар – 6; Өсімдіктерге күтім жасауға арналған құралдар жиынтығы – 4 жиынтық; Бөлме өсімдіктері – 20; Сөрелер – 8; Тәжірибелерге арналған жиынтық - 4 жиынтық; "Дыбыс", "су және ауа", "жылу" тақырыптары бойынша эксперименттерге арналған жабдықтар -2 жиынтық; Табиғат күнтізбесі – 2; Оқу микроскобы – 2; лупа -10 дана; пайдалы қазбалар жиынтығы-2; Өсімдіктер гербарийлерінің жиынтығы-2; Жануарлар, өсімдіктер, жәндіктер туралы балалар энциклопедиялары-3.

### **Әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға, командалық жұмыс дағдыларын дамытуға арналған оқу және ойын материалдары:**

Отбасылық генеалогиялық бәйтерек жасауға арналған панель - 2; Сюжеттік – рольдік ойын – 9; тақырыптық альбомдар -7 жиынтық: 1.Ләпбук «Табиғат әлемі»; 2.Ләпбук «Біз еңбекор баламыз»; 3.Ләпбук «Жолда жүру ережесі»; 4.Ләпбук «Әрқашан күн сөнбесін»; 5.Ләпбук «Ғажайып әлемі»; 6. Ләпбук «Күз сыйы»;7. Ләпбук «Менің отбасым»; Бөбек-кітапшалар – 10; Картотекалар: Ояну жаттығулары; Қимылды ойындар картотекасы; Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру бойынша картотекасы;

Сонымен қатар балалардың ойлау қабілеті, дұрыс сөйлеуі мен бір-біріне қатынастарын арттыру мақсатында «Емхана», «Асхана», «Шаштараз» және т.б. сюжетті-рөлді ойындар бұрышы, «Мобильді кітапхана» атты кітаптар бұрышы ұйымдастырылған. «Үстел үсті театры», «Саусақ театры», ертегілерге байланысты картоннан жасалған бетперделер бар.

Табиғат бұрышында балалар бөлме өсімдіктеріне қарауға мүмкіндік жасалған. Қарағай бүрлері, құм, дәндер, жапырақтар және түрлі табиғи материалдар бар.

Баланың танымдық, сөйлеу, шығармашылық іс-әрекетін, коммуникативтік қабілеттерін қалыптастыру үшін қолданылатын дидактикалық оқу құралдары мен үлестірмелі материалдар жеткілікті және эстетикалық талғамға сай. Барлық топтардың оқу бөлмесінде балалардың білім алу мен тәрбиеленуіне, дамуына жағдайлар жасалған.

“Жұлдыз” бөбекжай - балабақшасында баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта ұйымдастырылған. Әдістемелік база жағдайы, оқу-тәрбие үрдісінің жұмысы «қанағаттанарлық» деңгейде. Барлық топтарда МЖМБС білім беру салалары бойынша жабдықталған.

“Жұлдыз” бөбекжай – балабақшасының штатына кіретін медициналық қызметкерлер тәрбиеленушілерді ағымдағы медициналық бақылауды, иммундау және профилактикалық тексерулерді алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсетудің аумақтық медициналық ұйымдарымен бірлесіп ұйымдастырылған.

“Жұлдыз” бөбекжай – балабақшасының басшысы бекітетін және әр жас тобында ілінетін он күндік ас мәзірін құрастырып бекітілген.

Тәрбиеленушілерді теңгерімді тамақтандыру балалардың жас ерекшеліктері, денсаулық жағдайы, мектепке дейінгі ұйымның жұмыс тәртібі, маусымдық азық-түліктердің болуы, оның жиілігі ескеріліп, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23469 болып тіркелген) "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына және мектепке дейінгі ұйымның жарғысына сәйкес тәрбиеленушілерде, оның ішінде теңгерімді дұрыс тамақтану мен табиғи және жаңа піскен өнімдерді тұтынуды насихаттау арқылы тамақтану мәдениетін қалыптастыру бойынша ұйымдастырылған.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген “Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары” талаптары сақталған.

**Қосымша:** Балабақша <https://zhuldyzkoktau.edu.kz/kz/> сайтына «Мемлекеттік аттестация» айдарымен №5. Оқу - материалдық активтер бөлімінде 1. 2023-2024 оқу жылы №4 - қосымша жабдықтармен жиһаздар; 2024 - 2025 оқу жылы №4 - қосымша жабдықтармен жиһаздар; 2025-2026 оқу жылы №4 - қосымша жабдықтармен жиһаздар және 2025-2026 оқу жылы мүліктер тізімі бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдардың тізбесі (білім беру ұйымы бекіткен және білім беру басқармасы органымен келісілген түгендеу тізімдемесі) және Мүліктердің инвентарный карточкасы 2025-2026 оқу жылы құжаттары; Тәрбиеленушілерді теңгерімді тамақтандыру бойынша толық құжаттары; №1 Балабақша құжаттары бөлімінде Ауыз су бұйрығы жүктелді.

## 6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

«Жұлдыз» бөбекжай- балабақшасында қазіргі заманға сай ақпараттық-техникалық база қалыптасқан. Соның ішінде интернет жүйесі, электронды пошта [zhuldyzkoktau@edu.kz](mailto:zhuldyzkoktau@edu.kz) іске қосылған.

«Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасы мектепке дейінгі ұйымында ақпараттық технологиялармен жұмыс жүргізу барысы жолға қойылған. Педагог қызметкерлеріне арналған 4 компьютер, 1 интерактивті тақта, барлығы да интернет желісіне қосылған.

Мекеме төмендегі басылымдарға жазылады: «Ұстаз», «Ақтөбе» «Актюбинский вестник», «Егеменді Қазақстан», «Казахстанская правда», «Хромтау», «Білімді ел», «Ұстаз» сияқты газеттерге жазылады.

Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен анықталған нормативтерге сәйкес әдістемелік әдебиеттер саны жинақталған.

### **Әдістемелік әдебиеттер тізбесі:**

1. Тіл дамыту.2+ Ұ.Б.Смаилова. -3 дана;
2. Сөйлеуді дамыту. Әдістемелік нұсқау- 3 дана;
3. Сөйлеуді дамыту. Үлестірмелі материалдар – 3 дана;
4. Сөйлеуді дамыту.Хрестоматия. 3-4жас -4 дана;
5. Көркем әдебиет. Әдістемелік құрал.2+ С.И.Аршимбаева, А.М.Әлиасқарова. -2 дана;
6. Құрастыру.Әдістемелік құрал2+ Ф.Н.Жұмабекова, А.А.Ойшыбаева -2 дана;
7. Жаратылыстану.Үлестірмелі материалдар. -1дана;
8. Сурет салу.Әдістемелік құрал3+ Г.К.Бияхметова, Б.К.Кенжембетова. -3 дана;
9. Мүсіндеу.Әдістемелік құрал2+ Ф.Қ.Омарбекова, Т.В.Шумаева, Г.Қ.Бектұрова.-2 дана;
10. Апликация.Әдістемелік құрал 2+Ф.Қ.Омарбекова, Т.В.Шумаева, Г.Қ.Бектұрова.-2 дана;
11. Дене шынықтыру.Әдістемелік нұсқау -2 дана;
12. Дене шынықтыру. Әдістемелік құрал -3 дана;
13. Дене шынықтыру. Әдістемелік құрал -1 дана;
14. Математика негіздері.Әдістемелік нұсқау 3+ -3дана;
15. Қоршаған ортамен таныстыру.Экология негіздері.Әдістемелік құрал 3+ ,4+ Г.В. Игнатенко, Д.М.Ильясова.-4 дана;
16. Русский язык. Методические рекомендации по проведению ОУД в средней группе дошкольных организаций с казахским языком воспитания и обучения. К учебно-методическому комплексу "Говорим на русском языке" - 4 дана. Б.С.Омар., А.Т.Садық., Н.В.Доманова.-3 дана;
17. Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру. Әдістемелік құрал3+ Ұ.Н. Мұқанова, А.А.Пірмағамбетова.-2 дана;
18. Математика дидактикалық құралдар-2 дана;
19. «Үй жануарлары мен төлдері» дидактикалық құрал-2 дана;
20. «Африка жануарларымен аңдары» дидактикалық құрал \*-2 дана;
21. «Қазақтың ұлттық киімдері» дидактикалық құрал -4 дана;
22. «Көліктер»дидактикалық құрал -2 дана;
23. «Қазақ киіз үйі» дидактикалық құрал -2 дана;
24. «Дене мүшелері» дидактикалық құрал -2дана;
25. «Әсемдік бұйымдары» дидактикалық құрал -2 дана;
26. «Құстар» дидактикалық құрал-2 дана;
27. «Үй құстары» дидактикалық құрал-2 дана;
28. «Мамандықтар» дидактикалық құрал-2 дана;
29. «Посуда» дидактикалық құрал-2 дана;
30. «Табиғаттың түстері» дидактикалық құрал -2 дана;
31. Родная природа (наглядно - дидактическое пособие) -2 дана;
32. В деревне (наглядно - дидактическое пособие) -2 дана;

33. Кем быты? (наглядно - дидактическое пособие) -2 дана;
34. Менің Қазақстаным №2 плакаттар топтамасы- 2дана;
35. Домашние животные и птицы д/құрал -2 дана;
36. "Күн астындағы Күнекей қыз" аудио қазақ ертегілер топтамасы.Е.Раушанов -2 дана;
37. "Еділ мен Жайық" аудио қазақ ертегілері.Е.Раушанов .-2 дана;
38. "Керқұла атты Кендебай" аудио қазақ ертегілер топтамасы.Е.Раушанов. -2 дана;
39. "Қуырмаш-1" аудио қазақ ертегілері топтамасы. Е.Раушанов. - 2дана;
40. "Қуырмаш-2" аудио қазақ ертегілері топтамасы. Е.Раушанов. -2 дана;
41. "Жақсылық пен жамандық" аудио қазақ ертегі топтамасы. Е.Раушанов. -2 дана;
42. "Қуырмаш-2" аудио қазақ ертегі топтамасы.Е.Раушанов. – 2 дана;
43. "Ертөстік" аудио қазақ ертегі. Е.Раушанов. - 2 дана;
44. "Алпамыс" аудио қазақ ертегілер. Е.Раушанов.- 2 дана;
45. "Мақта қызбен мысық" аудио қазақ ертегі- 2 дана;
46. "Жеті ойыншық" суреттер мен тақпақтар (кюар код бойыншада оқылады).Сәкен Болыс- 2 дана;
47. "Демалыста үйде біз..." суреттер мен тақпақтар (кюар код бойыншада оқылады)Сәкен Болыс. - 2 дана;
48. "Бұл біздің әсем Астана" суреттер мен тақпақтар (кюар код бойыншада оқылады).Сәкен Болыс- 2 дана;
49. "Елім менің" суреттер мен тақпақтар (кюар код бойыншада оқылады). Сәкен Болыс- 2 дана;
50. "Кім болам?" суреттер мен тақпақтар (кюар код бойыншада оқылады).Сәкен Болыс- 2 дана;
51. "Біздерде білсеңіз, Аспаптар қаншама." суреттер мен тақпақтар (куар код бойыншада оқылады).Сәкен Болыс- 2 дана;
52. "Тазалықты сақтайық" суреттер мен тақпақтар (кюар код бойыншада оқылады). Сәкен Болыс- 2 дана;
53. Занятия по математике в детском саду- 1 дана;
54. Петушок - золотой гребешок лучших 7 сказок малышам «Проф-Пресс» баспасы - 1 дана;
55. "Bil-bala" мектепке дейінгі балалармен балабақшаларға арналған интерактивті дыбысты кітапша- 7 дана;
56. Қызыл телпек (ашылмалы кітапша) балаларға базарлық-2 дана;
